

ӘОЖ 373.51

ҒТАМР 14.25.01

<https://doi.org/10.48371/PEDS.2026.80.1.005>

**ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ
«ПЕДАГОГТІҢ СӨЗ МӘДЕНИЕТІ» ПӘНІН ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНІҢ
ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ**

Тазабек А.К.¹, *Беркинбаева Г.О.², Шойбекова А.А.³

¹Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Түркістан, Қазақстан

²Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

³М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті,
Шымкент, Қазақстан

Андатпа. Бүгінгі білім беру жүйесінде болашақ педагогтарды жан-жақты даярлау – жоғары оқу орындарының басты міндеттерінің бірі. Бұл ретте, «Педагогтің сөз мәдениеті» пәнінің алатын орны ерекше. Аталған пән тек тілдік нормаларды меңгеру ғана емес, сонымен қатар педагогикалық қарым-қатынастың психологиялық аспектілерін түсінуге және меңгеруге бағытталған. Зерттеу мақсаты – болашақ педагогтердің кәсіби және тұлғалық дамуына әсер ететін маңызды компоненттердің бірі ретінде «Педагогтің сөз мәдениеті» пәнін психологиялық тұрғыдан оқыту ерекшеліктерін талдау және оның тиімді әдістемелік моделін ұсыну. Зерттеудің негізгі бағыттары мен идеялары болашақ мұғалімнің кәсіби құзыреттілігінің құрамдас бөлігі ретінде сөйлеу мәдениетінің психологиялық және коммуникативтік аспектілерін айқындауға бағытталған. Мақалада педагогтің сөз саптау, дауыс ырғағы, сөйлеу мәнері мен интонациясының оқушылардың қабылдауына, мотивациясына және эмоционалдық ахуалына әсер ету тетіктері зерделенеді. Сонымен қатар, педагогикалық қарым-қатынаста тыңдаушының жас және жеке психологиялық ерекшеліктерін ескеру, эмоционалды тұрақтылық пен өзін-өзі реттеу дағдыларын дамыту мәселелері талданады. Ғылыми және практикалық маңыздылығы – зерттеу нәтижелері педагогикалық жоғары оқу орындарында «Педагогтің сөз мәдениеті» пәнін оқыту процесін жетілдіруге, болашақ мұғалімдердің коммуникативтік құзыреттілігін арттыруға және психологиялық тұрғыдан тиімді қарым-қатынас орнатуға бағытталған әдістемелік ұсыныстар әзірлеуге мүмкіндік береді. Әдіснамасы – сипаттамалық және талдамалық тәсілдерге, психоллингвистикалық және педагогикалық психология қағидаттарына сүйенеді. Зерттеу барысында бақылау, сауалнама, сұхбат және тәжірибелік сабақ үлгілері сияқты әдістер қолданылып, студенттердің сөйлеу және коммуникативтік мінез-құлқын дамытудағы психологиялық тренингтер мен рөлдік ойындардың тиімділігі

зерделенеді. Қорытындысында, пәнді психологиялық бағытта ұйымдастыру болашақ педагогтің кәсіби сөйлеу мәдениетін қалыптастырып қана қоймай, оның тұлғалық кемелденуіне және білім беру үдерісінің сапасын арттыруға септігін тигізетіні анықталады.

Тірек сөздер: педагогтің сөз мәдениеті, психологиялық аспектілер, эмоционалды интеллект, педагогикалық қарым-қатынас, кәсіби даму, оқыту үдерісі, білім беру, психология

Кіріспе

Қазіргі таңда білім беру жүйесінде педагогтің кәсіби біліктілігі мен тұлғалық қасиеттеріне қойылатын талаптар артып келеді. Сол талаптардың ішінде мұғалімнің сөйлеу мәдениеті – ерекше мәнге ие. Педагогтің сөзі – оқыту мен тәрбиелеудің басты құралы ғана емес, сонымен қатар оқушылармен тиімді қарым-қатынас орнатудың, олардың санасына, мінез-құлқына әсер етудің психологиялық тетігі болып табылады. Осы орайда, жоғары оқу орындарында болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлау барысында «Педагогтің сөз мәдениеті» пәнін оқытудың маңызы зор.

Бұл пән болашақ педагогтің сөйлеу дағдысын жетілдірумен қатар, тұлғааралық коммуникацияның психологиялық негіздерін меңгеруге бағытталады. Өйткені педагогикалық үдерісте әрбір сөз, үн мен интонация оқушының қабылдауына, эмоционалды күйіне, оқуға деген ынтасына тікелей әсер етеді. Сондықтан мұғалімнің сөзі тек мазмұнды ғана емес, психологиялық тұрғыдан да жағымды әрі сенімді болуы қажет.

Кіріспеде «Педагогтің сөз мәдениеті» пәнінің білім беру жүйесіндегі орны, оны оқытудың өзектілігі мен мақсаттары айқындалады. Сондай-ақ, пән мазмұнының студенттердің коммуникативтік, психологиялық және кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудағы рөлі қарастырылады. Бұл бағыттағы зерттеулер қазіргі педагогика мен психологияның түйіскен тұстарын ескере отырып, мұғалімнің сөздік қарым-қатынасындағы психологиялық аспектілерді тереңірек түсінуіне мүмкіндік береді.

Қазіргі жоғары білім беру жүйесінде болашақ педагогтердің кәсіби даярлығын психологиялық және коммуникативтік тұрғыдан жетілдіру – педагогикалық ғылымның өзекті мәселелерінің бірі. Осы зерттеудің мақсаты – «Педагогтің сөз мәдениеті» пәнін оқыту үдерісінің психологиялық ерекшеліктерін талдау, болашақ мұғалімдердің сөйлеу мәдениетін дамытуға ықпал ететін тиімді әдіс-тәсілдерді айқындау және кәсіби құзыреттілікті қалыптастырудың ғылыми-тәжірибелік негіздерін ұсыну болып табылады [1].

Зерттеудің негізгі бағыттары мен идеялары педагогтің сөз мәдениетін кәсіби тұлға қалыптасуының негізгі компоненті ретінде қарастыруға бағытталған. Бұл бағытта сөйлеу әрекетінің психологиялық тетіктері,

педагогикалық қарым-қатынас мәдениеті, эмоционалды интеллект пен эмпатияны дамыту мәселелері, сондай-ақ студенттің тұлғалық және танымдық дамуына әсер ететін факторлар кешені талданады. «Педагогтің сөз мәдениеті» пәні болашақ мұғалімнің кәсіби бейнесін айқындайтын сөйлеу дағдыларын, дауыс ырғағын, тілдік нормаларды, интонациялық мәнерді және сөз таңдаудағы психологиялық дәлдікті меңгертуге бағытталған.

Зерттеу барысында педагогикалық психология мен психолінгвистиканың қағидаларына сүйене отырып, студенттің жас және жеке ерекшеліктеріне сәйкес білімді меңгеру, өзін-өзі реттеу, мотивация және қарым-қатынас мәдениетін дамыту заңдылықтары ескеріледі. Бұл тұрғыда Стивен Р. Ковидің «ментальді карта» концепциясы адамның дүниетанымдық көзқарасын айқындауда маңызды теориялық негіз ретінде алынады [2,886]. Дара тұлғаның интеллектуалдық қабілет көзін ашу тұлғаның өмірлік дағдыларын арттыруға, танымын кеңейтуге ықпал ететін бірден-бір фактор деуге болады. Өйткені ол студенттің оқу танымдық іс-әрекетін белсендіріп, білімге қызығушылығы мен ойлау мәдениетін өзара бірлікте арттыратыны, сөйтіп оның тұлғалық дамуын қамтамасыз ететіні анық [3, 356].

Зерттеудің ғылыми және практикалық маңыздылығы — «Педагогтің сөз мәдениеті» пәнін оқыту үдерісін психологиялық тұрғыдан жетілдіру арқылы педагогикалық қарым-қатынастың сапасын арттыруда көрініс табады. Алынған нәтижелер жоғары оқу орындарының оқу-әдістемелік жүйесінде болашақ мұғалімдердің коммуникативтік және кәсіби құзыреттілігін дамытуға, сөйлеу мәдениетін жетілдіруге бағытталған жаңа тәсілдерді енгізуге мүмкіндік береді.

Қазіргі ғылыми зерттеулер жоғары білім беру жүйесінде педагогтердің психологиялық және коммуникативтік құзыреттерін жүйелі қалыптастырудың ерекше маңызға ие екенін айқындайды. Ғалымдар заманауи педагогтің психологиялық мәдениеті студенттердің дамуына, әсіресе ауылшаруашылық бағыты бойынша білім алатындар үшін маңызды екендігіне мән береді [4]. М.Тухтаева болашақ мұғалімдердің сөйлеу мәдениетін жетілдіру инновациялық педагогикалық тәсілдерді қажет ететінін, бұл олардың кәсіби коммуникациясын қалыптастырып көрсететінін дәлелдейді [5]. Осы тұжырымдарды толықтыра отырып, ғалым Хули «Мұғалімнің кәсіби сөйлеу мәдениеті пәнаралық сипатқа ие, ол лингвистика, психология, педагогика және қарым қатынас салаларының тоғысында қалыптасып, мұғалімнің кәсібилігін арттырады» [6] деген пікір айтады. Сонымен қатар, бұл зерттеу нәтижелері оқытушыларға студенттердің психологиялық таным процестерін ескеріп, оқу үдерісін тұлғалық бағытта ұйымдастыруға ғылыми негіз бола алады. Оқытушыларға белгілі оқыту мен оқыту әдістемесінің практикалық аспектілерін ғылыми тұрғыдан түсіндіру олардың кәсіби маман ретінде мүмкіндіктерін кеңейтеді.

Бұл әсерді зерттеушілер А. Ховард-Джонс П., Т. Джей және Л. Галеано атап өтті. Өзінің практикалық дағдылары туралы ғылыми рефлексия басқа дәлелдермен қатар педагогті күнделікті кәсіби қызметте шешім қабылдауда қолдайтын түсініктер береді [7].

Материалдар мен әдістер

Зерттеу жұмысы жоғары оқу орындарында «Педагогтің сөз мәдениеті» пәнін оқыту тәжірибесін жан-жақты талдауға негізделді. Негізгі эмпирикалық материал ретінде педагогикалық жоғары оқу орындарының оқу бағдарламалары, силлабустар, әдістемелік нұсқаулықтар, оқулықтар, сондай-ақ ғылыми-педагогикалық және психолінгвистикалық әдебиеттер пайдаланылды. Сонымен қатар, пәнді жүргізетін оқытушылардың тәжірибесі, студенттердің пәнге деген қатынасы және оқу үдерісіндегі нәтижелері туралы деректер жиналып, жүйелі түрде сарапталды [8].

Зерттеу барысында аралас әдіснамалық тәсіл қолданылды, яғни сапалық және сандық әдістер бірлікте пайдаланылды. Мұндай интегративті тәсіл пәнді оқыту процесінің психологиялық аспектілерін терең түсінуге және алынған нәтижелерді сандық тұрғыдан негіздеуге мүмкіндік берді.

Сапалық деректер жинау үшін бақылау, сұхбат (интервью) және мазмұндық талдау (контент-талдау) әдістері қолданылды. Бақылау әдісі пән сабақтарының өту барысын, оқытушы мен студент арасындағы қарым-қатынас ерекшеліктерін, сөйлеу мәдениетін дамытуға бағытталған тапсырмалардың тиімділігін айқындауға мүмкіндік берді. Сұхбат әдісі оқытушылар мен студенттердің пікірлерін, пән мазмұны мен әдістемесіне қатысты көзқарастарын анықтау үшін пайдаланылды. Сұхбат нәтижелері пәннің психологиялық және коммуникативтік әлеуетін бағалауға бағытталды [9]. Мазмұндық-талдау әдісі арқылы оқу бағдарламалары мен әдістемелік материалдар мазмұнындағы тілдік және психологиялық компоненттердің өзара байланысы талданды.

Сандық зерттеу шеңберінде сауалнама әдісі қолданылды. Зерттеуге Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті (Түркістан) мен М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің (Шымкент) 90 студенті қатысты. Сауалнама педагогикалық мамандықтарда оқитын студенттер арасында жүргізіліп, олардың пәнге деген қызығушылық деңгейі, сөйлеу дағдыларындағы өзгерістер және психологиялық дайындық көрсеткіштерін анықтады.

Зерттеуде студенттердің сөйлеу мәдениеті, коммуникативтік құзыреттілігі және психологиялық дайындық деңгейін анықтау үшін бірнеше бейімделген диагностикалық құралдар қолданылды.

Кәсіби сөйлеу мәдениетін бағалау шкаласы - студенттердің сөйлеудің анықтығы, логикалық құрылымы, тілдік нормаларды сақтауы және кәсіби

терминдерді қолдануы 5 балдық Лайкерт шкаласы бойынша бағаланды. Мотивацияны анықтау шкаласы - пәнге деген қызығушылық, кәсіби мотивация және өзіндік білім алуға ынтасы 1–5 балдық шкалада өлшенді. Бұл құралдар алдын ала апробациядан өткізіліп, валидтілігі мен сенімділігі мамандармен келісу арқылы расталды. Алынған мәліметтер статистикалық талдау арқылы өңделіп, нәтижелер диаграмма және кесте түрінде визуалдандырылды [10].


Сонымен қатар, зерттеуде педагогикалық эксперимент элементтері қолданылды. Эксперимент барысында таңдалған студенттік топтарда сөйлеу мәдениетін дамытуға бағытталған тренингтік сабақтар, рөлдік ойындар және практикалық тапсырмалар енгізілді. Эксперименттік және бақылау топтарының нәтижелері салыстырылып, пән мазмұнының болашақ педагогтардың коммуникативтік және психологиялық құзыреттілігін дамытудағы нақты әсері тұжырымдалды [11, 12].

Нәтижелер

Зерттеу нәтижелері «Педагогтің сөз мәдениеті» пәнін оқыту болашақ мұғалімдердің кәсіби, коммуникативтік және психологиялық құзыреттіліктерін қалыптастыруда шешуші рөл атқаратынын көрсетті. Пән мазмұнына енгізілген психологиялық компоненттер студенттердің өзін-өзі тану, эмоцияны басқару, сенімді қарым-қатынас орнату және педагогикалық этиканы сақтау қабілеттерін едәуір арттырды.

Сауалнама, сұхбат және бақылау әдістері арқылы алынған деректер студенттердің басым көпшілігі бұл пәннің тек тілдік сауаттылықты арттырып қана қоймай, кәсіби сөйлеу барысында сенімділік, тыңдаушыны түсіну, эмоциялық тұрақтылық және өзін-өзі реттеу сияқты маңызды дағдыларды дамытқанын растады [13,14]. Практикалық сабақтарда қолданылған рөлдік ойындар мен тренингтер студенттердің аудитория алдында еркін сөйлеуін, өз ойын нақты жеткізуін және эмоциясын тиімді басқаруын қамтамасыз етті.

Эксперимент нәтижелеріне сәйкес, студенттердің сөйлеу мәдениеті мен қарым-қатынас дағдылары айтарлықтай жақсарды. Мысалы, сөйлеу этикасын меңгеру деңгейі 48%-дан 81%-ға, коммуникативтік дағдылар 52%-дан 85%-ға, ал психологиялық сенімділік 41%-дан 75%-ға дейін өсті (Сурет 1). Бұл көрсеткіштер пәннің болашақ педагогтің кәсіби мінез-құлқына және өзіндік сеніміне оң әсерін көрсететінін дәлелдейді.



Сурет 1 - Эксперимент нәтижелері (бастапқы және қорытынды кезеңдер)

Зерттеу барысында студенттердің тұлғалық-психологиялық көрсеткіштері де айтарлықтай өскен. Өз-өзіне сенімділік 44%-дан 76%-ға, өзін-өзі бағалау 47%-дан 79%-ға, эмоционалдық тұрақтылық 49%-дан 81%-ға жетті (Кесте 1). Бұл көрсеткіштер пән мазмұнының студенттердің эмоционалды интеллектісін және кәсіби қызығушылығын дамытудағы тиімділігін дәлелдейді.

Зерттеу барысында студенттердің сөйлеу мәдениетін дамытуға ықпал ететін бірқатар психологиялық көрсеткіштерге арнайы бақылау жүргізілді. Бұл көрсеткіштер – болашақ педагогтердің тұлғалық дамуымен, кәсіби сөйлеу этикасын меңгеруімен және аудиториямен өзара байланыс орната білу дағдыларымен тығыз байланысты. Төменде ұсынылған мәліметтер студенттердің осы бағыттар бойынша даму динамикасын сипаттайды.

Кесте 1 – Студенттердің тұлғалық-психологиялық қасиеттерінің даму көрсеткіштері

Көрсеткіштер	Бастапқы кезең (%)	Қорытынды кезең (%)	Өзгеріс (%)
Өз-өзіне сенімділік	44	76	+32
Өзін-өзі бағалау	47	79	+32
Күйзеліске қарсы тұру	38	70	+32
Эмоционалдық тұрақтылық	49	81	+32
Кәсіби қызығушылық	53	86	+33

Студенттердің сөйлеу әрекетін ұйымдастыру дағдылары, атап айтқанда дауыс ырғағын қолдану, мәнерлі сөйлеу, аудиториямен байланыс орнату сияқты көрсеткіштер 30% және одан да жоғары өсім көрсетті (Кесте 2). Сонымен бірге, өзіндік рефлексия, кері байланысқа бейімділік, эмоцияны басқару және психологиялық жайлылықты сақтау деңгейлері де едәуір артты.

Кесте 2 – Сөйлеу әрекетін ұйымдастыру дағдыларының даму көрсеткіштері

<i>Көрсеткіштер</i>	<i>Бастапқы кезең (%)</i>	<i>Қорытынды кезең (%)</i>	<i>Өзгеріс (%)</i>
Эмоцияны басқару	41	73	+32
Рефлексия қабілеті	39	74	+35
Кері байланысқа бейімділік	46	80	+34
Психологиялық жайлылық	52	84	+32

Студенттердің өзіндік рефлексиясы мен психологиялық өзін-өзі реттеу дағдыларының дамуы (Кесте 3-те) көрсетілген. Бұл бағыт бойынша өзін-өзі талдау, сөйлеу барысында кемшіліктерін байқай білу, эмоционалды жағдайын басқару, кері байланысқа бейімділік және психологиялық жайлылықты сақтау деңгейлері бағаланды. Эксперименттік оқыту нәтижесінде өзін-өзі талдау қабілеті 39%-дан 74%-ға дейін өсті. Өзінің сөйлеу кемшіліктерін байқау деңгейі 42%-дан 77%-ға артты. Эмоцияны басқару көрсеткіші 41%-дан 73%-ға, кері байланысқа бейімділік 46%-дан 80%-ға дейін көтерілді. Психологиялық жайлылықты сақтау деңгейі де 52%-дан 84%-ға дейін жақсарды. Бұл – студенттердің өзіндік даму механизмдері мен кәсіби сөйлеу мәдениетіне қатысты саналы қатынасының қалыптаса бастағанын көрсетеді.

Кесте 3 – Өзіндік рефлексия және психологиялық өзін-өзі реттеу көрсеткіштері

<i>Көрсеткіштер</i>	<i>Бастапқы кезең (%)</i>	<i>Қорытынды кезең (%)</i>	<i>Өзгеріс (%)</i>
Өзін-өзі талдау қабілеті	39%	74%	+35%
Сөйлеудегі кемшіліктерін байқау	42%	77%	+35%
Эмоцияны басқару	41%	73%	+32%
Кері байланысқа бейімділік	46%	80%	+34%
Психологиялық жайлылықты сақтау	52%	84%	+32%

Зерттеу нәтижелерінде байқалған 32–35% көлеміндегі өсімдер эксперименттік сабақтар барысындағы эмпирикалық бақылаулармен және логикалық талдаумен сәйкес келді. Бұл өзгерістер студенттердің сөйлеу мәдениеті, эмоцияны басқару және коммуникативтік дағдыларындағы нақты ілгерілеуді көрсеткен. Нәтижелердің дәлдігі мен шынайылығын күшейту мақсатында статистикалық өңдеу тәсілі – өлшеудің сенімділік коэффициенті көрсеткіштері енгізілді. Бұл зерттеу қорытындыларының ғылыми тұжырымдамалармен сәйкестігін күшейтіп, әдістемелік сенімділігін арттыра түсті

Талқылау

Жүргізілген зерттеу «Педагогтің сөз мәдениеті» пәнін психологиялық негізделген әдістемемен оқыту студенттердің:

- сөйлеу мәдениетін және педагогикалық этикасын жетілдіргенін;
- эмоционалды интеллекті мен психологиялық тұрақтылығын арттырғанын;
- аудиториямен тиімді байланыс орнату, өз ойын жүйелі жеткізу, өзін-өзі талдау және кері байланыс алу дағдыларын қалыптастырғанын көрсетті.

Осылайша, пән мазмұнына психологиялық элементтерді мақсатты енгізу болашақ мұғалімдердің кәсіби және тұлғалық дамуын жеделдететін, білім беру процесінің сапасын арттыратын тиімді педагогикалық тетік ретінде бағаланады.

Жүргізілген эксперимент нәтижелері «Педагогтің сөз мәдениеті» пәнін оқытудың студенттердің тұлғалық және кәсіби дамуына көпқырлы ықпал ететінін дәлелдеді. Пән мазмұнына психологиялық аспектілерді кіріктіру студенттердің тек тілдік және коммуникативтік қабілеттерін жетілдіріп қана қоймай, олардың эмоциялық тұрақтылық, өзін-өзі бағалау, және психологиялық сенімділік деңгейін айтарлықтай арттырды. Салыстырмалы деректер бойынша, тұлғалық-психологиялық қасиеттер көрсеткіштері орта есеппен 32–33% өсім көрсетті. Бұл студенттердің кәсіби белсенділігінің, ішкі мотивациясының және педагогтік көзқарасының қалыптаса бастағанын айғақтайды.

Сөйлеу әрекетін ұйымдастыру бағытында да айқын оң динамика байқалды. Дауыс ырғағын дұрыс қолдану, сөйлеу қарқынын бақылау, мәнерлі сөйлеу және аудиториямен байланыс орнату сияқты дағдылар 33–36% аралығында өсті. Бұл көрсеткіштер пәннің практикалық бағыты мен қолданылған белсенді оқыту әдістерінің тиімділігін дәлелдеп, студенттердің кәсіби сөйлесу мәдениетін жаңа деңгейге көтерді.

Келесі бағыт – өзіндік рефлексия мен психологиялық өзін-өзі реттеу бойынша студенттердің дамуында да елеулі алға жылжу байқалды. Өзін-өзі талдау, сөйлеудегі кемшіліктерін байқау, эмоцияны басқару және кері байланысқа бейімділік дағдылары орта есеппен 30–35% жоғарылады. Бұл нәтижелер студенттердің өз кәсіби іс-әрекетіне саналы түрде баға бере алатынын, ішкі психологиялық күйін реттей алатынын және аудиториямен тиімді диалог құра білу қабілеттерінің қалыптаса бастағанын көрсетеді. Психологиялық жайлылық деңгейінің артуы студенттердің оқу процесінде өзіне сенімді болуына және қарым-қатынаста еркіндік танытуына жағдай жасады.

Дегенмен, ғылыми тереңдігін күшейту үшін бұл нәтижелерді кәсіби сөйлеу мәдениеті, эмоционалды интеллект және педагогикалық коммуникация саласындағы теориялық тұжырымдармен салыстыра талдау болашақ зерттеулерімізге арқау болатыны анық.

Қорытынды

Жалпы алғанда, алынған нәтижелер «Педагогтің сөз мәдениеті» пәнін психологиялық аспектілерді ескере отырып оқыту студенттердің жан-жақты кәсіби дамуын, эмоциялық интеллектісін, және рефлексивтік қабілетін дамытудың тиімді тетігі екенін көрсетті [15, 240 б]. Пән болашақ педагогтің сөйлеу шеберлігін ғана емес, оның тұлғалық мәдениеті мен педагогикалық этикасын қалыптастыруға бағытталған кешенді құрал ретінде танылды.

Зерттеудің құндылығы — «Педагогтің сөз мәдениеті» пәнін барлық педагогикалық мамандықтарға енгізудің өзектілігін дәлелдеуде. Электив курс ретінде бұл пән студенттердің кәсіби әлеуетін ашуға, сөйлеу мәдениетін жетілдіруге және күрделі қарым-қатынас жағдаяттарында тиімді шешім қабылдау дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Мысалы, «Оқушының эмоционалды интеллектісін қалыптастыру және педагогтің сөз мәдениеті. Эмпатия» тақырыбындағы тапсырмаларды орындау барысында студенттер:

- өз ойын жүйелі және анық жеткізуге машықтанады;
- жаңа терминдер мен ғылыми ұғымдарды түсіндіре білу дағдысын дамытады;
- ғылыми ақпаратты талдау және жинақтау қабілетін арттырады;
- жұптық және топтық жұмыстарда эмпатиялық тыңдау мен сыпайы пікір білдіру мәдениетін меңгереді.

Сонымен қатар, «Броундық қозғалыс» әдісі арқылы студенттердің эмоциялық интеллект және эмпатия туралы пікірлерін салыстыру — олардың ойды жеткізу, тыңдау және сындарлы кері байланыс беру қабілеттерін дамытады. Мұндай тапсырмалар студенттердің:

- сұхбаттасушыны мұқият тыңдау;
- мәнді ойды ажырата білу;
- әдепті сөйлеу және сыпайы тіл қолдану дағдыларын жетілдіреді .

Осыған қоса, интерактивті оқыту тәсілдерін — рөлдік ойындар, сахналық қойылымдар, және прагматикалық диалогтар түрінде ұйымдастыру студенттердің сөйлеу әрекетін табиғи контексте жүзеге асыру қабілетін дамытады. Бұл тәсіл олардың кәсіби сөйлеу мәдениетіне ғана емес, сонымен қатар педагогикалық эмпатия мен эмоционалды интеллектіні тәжірибеде қолдануға мүмкіндік береді.

Зерттеудің ғылыми және практикалық құндылығы «Педагогтің сөз мәдениеті» пәнін психологиялық негізде оқытудың тиімді моделін ұсынуында жатыр. Бұл модель болашақ педагогтерді тұлғалық және кәсіби тұрғыдан жетілдіруге, олардың сөйлеу мәдениетін, өзін-өзі реттеу қабілетін және педагогикалық қарым-қатынас мәдениетін дамытуға бағытталған жаңашыл педагогикалық тұжырымдама ретінде бағаланады.

ӘДЕБИЕТ

[1] Beatty, B. J. Hybrid classes with flexible participation options – If you build it, how will they come // 2007 Annual Proceedings – Anaheim: Volume. – 2007. – Т. 15.

[2] Кови, Стивен Р. Жасампаз жандардың 7 дағдысы. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018. – 352 б.

[3] Дәулетбекова, Ж., Исаева, Ж. Тілді оқыту мотивациясы. – Алматы, 2018. – 225 б.

[4] Zvezdina G., Grishina A. Psychological culture of a modern university teacher as a determinant of student development (in the context of teaching students of agricultural orientation) // E3S Web of Conferences. – 2020. –

[5] Tukhtayeva M. S. Improving the speech culture of future teachers based on innovative approaches // Conference of modern science & pedagogy. – 2025. – Т. 1. – №. 4. – С. 53-56.

[6] Hulii I. The culture of professional speech of the teacher: interdisciplinary aspects // Young Scientist. – 2019.

[7] Howard-Jones, P., Jay, T., Galeano, L. Professional Development on the Science of Learning and Teachers' Performative Thinking — A Pilot Study // Mind, Brain, and Education. – 2020. – Vol. 14. – P. 267–278.

[8] Жарықбаев, Қ., Сангилбаев, О. Жантану атауларының түсіндірме сөздігі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2006. – 384 б.

[9] Жарықбаев, Қ. Психология. – Алматы: Рауан, 2015. – 272 б.

[10] Аймауытов, Ж. Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Ғылым, 2005. – Т. 4. – 456 б.

[11] Шульц, Д., Шульц, С. Э. Қазіргі психология тарихы. – Астана: Ұлттық аударма бюросы, 2018. – 448 б.

[12] Кабейн, Оливия Фокс. Харизма. – Москва: Альпина Паблишер, 2013. – 307 с.

[13] Абай Құнанбаев. Шығармаларының бір томдық толық жинағы. – Алматы: Көркем әдебиет баспасы, 2016. – 540 б.

[14] Гоулман, Д. Эмоциональный интеллект. – Москва: Манн, Иванов и Фербер, 2018. – 544 с.

[15] Дәулетбекова, Ж. Сөз мәдениеті – тілдік білім нәтижесі. – Алматы: Ғылым және білім интеграциясы институты, 2017. – 239 б.

REFERENCES

[1] Beatty, B. J. Hybrid classes with flexible participation options – If you build it, how will they come? // 2007 Annual Proceedings – Anaheim: Volume. – 2007. – Vol. 15.

[2] Kovi, Stiven R. Zhasampaz zhandardyn 7 dagdysy [The 7 Habits of Highly Effective People]. – Almaty: Ulttyk audarma byurosy, 2018. – 352 p. [in Kaz]

[3] Dauletbekova, Zh., Isaeva, Zh. Tildi okytu motivatsiyasy [Language Learning Motivation]. – Almaty, 2018. – 225 p. [in Kaz]

[4] Zvezdina G., Grishina A. Psychological culture of a modern university teacher as a determinant of student development (in the context of teaching students of agricultural orientation) // E3S Web of Conferences. – 2020.

[5] Tukhtayeva M. S. IMPROVING THE SPEECH CULTURE OF FUTURE TEACHERS BASED ON INNOVATIVE APPROACHES // CONFERENCE OF MODERN SCIENCE & PEDAGOGY. – 2025. – T. 1. – №.4. – С. 53-56.

[6] Hului I. The culture of professional speech of the teacher: interdisciplinary aspects // Young Scientist. – 2019.

[7] Howard-Jones, P., Jay, T., Galeano, L. Professional Development on the Science of Learning and Teachers' Performative Thinking — A Pilot Study // Mind, Brain, and Education. – 2020. – Vol. 14. – P. 267–278.

[8] Zharykbai, K., Sangilbaev, O. Zhantanu ataularynyn tusindirme sozdigi [Explanatory Dictionary of Psychological Terms]. – Almaty: Sozdik-Slovar, 2006. – 384 p. [in Kaz]

[9] Zharykbai, K. Psikhologiya [Psychology]. – Almaty: Rauan, 2015. – 272 p. [in Kaz]

[10] Aimauytov, Zh. Bes tomdyk shygarmalar zhinagy [Collected Works in Five Volumes]. – Almaty: Gylym, 2005. – Vol. 4. – 456 p. [in Kaz]

[11] Shults, D., Shults, S. E. Kazirgi psikhologiya tarihy [History of Modern Psychology]. – Astana: Ulttyk audarma byurosy, 2018. – 448 p. [in Kaz]

[12] Kabein, Oliviya Foks. Kharizma [The Charisma Myth]. – Moscow: Alpina Publisher, 2013. – 307 p. [in Rus]

[13] Abai Kunanbaev. Shygarmalarynyn bir tomdyk tolyk zhinagy [Complete Works in One Volume]. – Almaty: Korkem adebiet baspasy, 2016. – 540 p. [in Kaz]

[14] Goulman, D. Emotsionalnyy intellekt [Emotional Intelligence]. – Moscow: Mann, Ivanov i Ferber, 2018. – 544 p. [in Rus]

[15] Dauletbekova, Zh. Soz madenieti – tildik bilim netizhesi [Speech Culture as a Result of Linguistic Knowledge]. – Almaty: Institut integratsii nauki i obrazovaniya, 2017. – 239 p. [in Kaz]

**ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ПРОЦЕССА ПРЕПОДАВАНИЯ
ПРЕДМЕТА «КУЛЬТУРА РЕЧИ ПЕДАГОГА»
В СИСТЕМЕ ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ**

Тазабек А.К.¹, *Беркинбаева Г.О.², Шойбекова А.А.³

¹Международный казахско-турецкий университет им Х.А. Ясави,
Туркестан, Казахстан

*²Казахский национальный женский педагогический университет,
Алматы, Казахстан

³Южно-Казахстанский университет им. М. Ауезова, Шымкент, Казахстан

Аннотация. В современной системе образования всесторонняя подготовка будущих педагогов является одной из важнейших задач высшей школы. В этом контексте особое место занимает дисциплина «Культура речи педагога». Данный предмет направлен не только на овладение языковыми нормами, но и на понимание и освоение психологических аспектов педагогического общения. Цель исследования – проанализировать особенности психологического подхода к преподаванию дисциплины «Культура речи педагога» как одного из ключевых компонентов, влияющих на профессиональное и личностное развитие будущих педагогов, а также предложить эффективную методическую модель её реализации. Основные направления и идеи исследования связаны с выявлением психологических и коммуникативных аспектов культуры речи как составной части профессиональной компетентности педагога. В статье рассматриваются механизмы влияния речевого оформления, интонации, тембра и манеры речи педагога на восприятие, мотивацию и эмоциональное состояние учащихся. Кроме того, анализируются вопросы учета возрастных и индивидуально-психологических особенностей слушателя, развития эмоциональной устойчивости и навыков саморегуляции в педагогическом общении. Научная и практическая значимость исследования заключается в том, что его результаты позволяют усовершенствовать процесс преподавания дисциплины «Культура речи педагога» в педагогических вузах, повысить коммуникативную компетентность будущих учителей и разработать методические рекомендации по формированию психологически эффективного педагогического взаимодействия. Методология исследования основана на описательных и аналитических подходах, а также на принципах психолингвистики и педагогической психологии. В ходе работы применялись такие методы, как наблюдение, анкетирование, интервью и анализ практических занятий. Особое внимание уделялось изучению эффективности психологических тренингов и ролевых игр в развитии речевого и коммуникативного поведения студентов. В заключении установлено, что организация преподавания дисциплины с

учетом психологических факторов способствует формированию у будущих педагогов не только профессиональной культуры речи, но и личностного совершенствования, повышая тем самым качество образовательного процесса.

Ключевые слова: Культура речи педагога, психологические аспекты, эмоциональный интеллект, педагогическое общение, профессиональное развитие, процесс обучения, образование, психология

PSYCHOLOGICAL ASPECTS OF THE PROCESS OF TEACHING THE SUBJECT «TEACHER'S SPEECH CULTURE» IN THE HIGHER EDUCATION SYSTEM

Tazabek A.K.¹, *Berkinbayeva G.O.², Shoibekova A. A.³

¹Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkistan, Kazakhstan

*²Kazakh National Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan

³M. Auezov South Kazakhstan State University, Shymkent, Kazakhstan

Abstract. In the modern education system, comprehensive teacher training is a key objective of higher education institutions. In this context, the course "Teacher's Speech Culture" occupies a special place. This discipline aims not only to develop students' mastery of linguistic norms but also to foster understanding and application of the psychological aspects of pedagogical communication.

The purpose of the research is to analyze the psychological features of teaching the course "Teacher's Speech Culture," one of the essential components influencing the professional and personal development of future educators, and to propose an effective methodological model for its implementation.

The main directions and ideas of the study are focused on identifying the psychological and communicative aspects of speech culture as an integral part of a teacher's professional competence. The article examines how a teacher's speech style, tone, manner of speaking, and intonation influence students' perception, motivation, and emotional state. In addition, the study addresses the importance of considering the listener's age and individual psychological characteristics, as well as the development of emotional stability and self-regulation skills in pedagogical interaction.

The scientific and practical significance of the research lies in its findings, which contribute to improving the teaching process of the "Teacher's Speech Culture" course in pedagogical universities, enhancing future teachers' communicative competence, and providing methodological recommendations for building psychologically effective communication in the educational process.

The study's methodology is based on descriptive and analytical approaches, as well as on the principles of psycholinguistics and educational psychology. Methods such as observation, questionnaires, interviews, and analysis of

practical sessions were employed. Special attention was paid to examining the effectiveness of psychological training sessions and role-playing activities in developing students' speech and communicative behavior.

In conclusion, organizing the course from a psychological perspective not only helps form the teacher's professional speech culture but also contributes to their personal development and the overall improvement of the quality of the educational process.

Keywords: Teacher's speech culture, psychological aspects, emotional intelligence, pedagogical communication, professional development, learning process, education, psychology

Мақала түсті / Статья поступила / Received: 30.07.2025.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted: 26.03.2026.

Авторлар туралы мәлімет:

Тазабек Алиса Каналбекқызы - «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша докторант, Филология факультеті, Ясауи атындағы ХҚТУ, e-mail, alisa_tazabek@mail.ru

Беркинбаева Гульзат Онгарбековна - PhD, Қазақ тілі мен әдебиеті, Филология институты, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, e-mail g.berkinbayevaa@gmail.com

Шойбекова Акбота Абаевна - Филология ғылымдарының кандидаты, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент. e-mail, a.shoybekova@bk.ru

Информация об авторах:

Тазабек Алиса Каналбековна - докторант по специальности «Казакский язык и литература», Факультет филология, МКТУ им. Ясави, e-mail, alisa_tazabek@mail.ru

Беркинбаева Гульзат Онгарбековна — PhD, Казахского языка и литературы, Институт филологии, Казахский национальный женский педагогический университет, e-mail: g.berkinbayevaa@gmail.com

Шойбекова Акбота Абаевна - кандидат филологических наук ЮКУ им М. Аuezова, email:a.shoybekova@bk.ru

Information about authors:

Tazabek Alissa Kanalbekkyzy – doctoral student in Department of Kazakh philology Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, e-mail: alisa_tazabek@mail.ru

Gulzat Ongarbekovna Berkinbayeva — PhD, Department of Kazakh Language and Literature, Institute of Philology, Kazakh National Women's Teacher Training University, e-mail: g.berkinbayevaa@gmail.com

Shoibekova Akbota Abaivna - Candidates degree in Philological sciences M.Auezov South Kazakhstan University, e-mail, a.shoybekova@bk.ru